

**«ХРОМТАУ ТАУ-КЕН ТЕХНИКАЛЫҚ ЖОГАРЫ КОЛЛЕДЖІ» МКҚК**



**Фактілер немесе сыйбайлар жемқорлыққа қарсы заңнаманың  
ықтимал бұзылуы туралы қызметкерлерді хабардар ету тәртібі**

**Хромтау 2024**

## **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. «Хромтау тау-кен техникалық жоғары колледжі» МКҚК қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібі «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының өзге де қолданыстағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

2. Осы тәртіп жұмыс берушіні сыйбайлас жемқорлық бұзушылықтар жасауга итермелуе жағдайлары туралы хабардар ету тәсілін айқындауды, сондай-ақ жұмыскерлердің еңбек қызметін жүзеге асыру кезінде сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар фактісі анықталған кезде іс-қимыл тәртібін белгілейді.

3. Тәртіп квазимемлекеттік сектор субъектісінің ресми интернет-ресурсында орналастырылады және барлық қызметкерлердің назарына жеткізіледі.

4. Осы тәртіппен мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

**1) сыйбайлас жемқорлық**-жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға үәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға үәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді жеке өзі алу немесе алу мақсатында заңсыз пайдалануы немесе өздері не үшінші тұлғалар үшін мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар делдалдары арқылы, сол сияқты осы адамдарға игіліктер мен артықшылықтар беру арқылы пара беру;

**2) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс** - қимыл-сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі өз өкілеттіктері шегіндегі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қызметі сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауга, сондай - ақ сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарын жою жөнінде ықпал ететін құқық бұзушылық;

**3) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық**-заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыйбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік)

**4) сыйбайлас жемқорлық тәуекелі-**сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауга ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

**5) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу-сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауга ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;**

**6) пара** - орындауға уәкілеттік берілген адамның немесе жауапты мемлекеттіклауазымды атқаратын адам не лауазымды адам, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамы жеке өзі немесе ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік, мүлікке құқық немесе мүліктік сипаттағы пайда түріндегі пара делдалыарқылы өзі немесе басқа да адамдар үшін іс-әрекеттері үшін (әрекетсіздік) пара берушінің немесе ол өкілдік ететін адамдардың пайдасына, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттігіне кірсе не ол лауазымдық жағдайына байланысты мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке), сол сияқты жалпы қамқорлыққа немесе попыласқа ықпал етуі мүмкін.

## **2 тарау. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабарлау тәртібі**

1. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтар туралы және сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауга итермелей мақсатында жүгіну фактілері туралы хабардар ету әрбір қызметкердің міндеті болып табылады.

2. Квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметкерлері сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауга итермелей мақсатында қандай да бір адамдар жүгінген фактілер немесе оларға жүгінген барлық жағдайлар туралы өзінің тікелей басшысын және комплаенс - офицерді деру хабардар етуге міндетті.

3. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабарлама бір күн ішінде жазбаша нысанда оны басшыға немесе сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру үшін жауапты тұлғага электрондық пошта арқылы хабарлау арқылы не "сенім жәшігіне" жіберу арқылы жіберілуге тиіс. Алынған мәліметтердің құпиялышының жұмыс беруші және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға жауапты тұлға қамтамасыз етеді.

4. Хабарламаны 7-тармақта көрсетілген мерзімде жіберу мүмкін болмаган кезде (ауру, іссапар, демалыс және т.б.) қызметкер хабарламаны жұмыс орнына келгеннен кейін бір жұмыс күні ішінде жібереді.

5. Хабарламада көрсетілуге жататын мәліметтер тізбесі:

- хабарламашының пікірінше, онымен байланыс орнатуға көмектесетін ақпараттың Тегі, Аты, Әкесінің аты, лауазымы, байланыс телефоны;
- сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелей мақсатында өтініш жасаған адам (жеке немесе занды) туралы белгілі мәліметтер;
- өтініштің мәнін баяндау (жүргінген күні мен орны, қандай әрекет (әрекетсіздік) жасауға итермелей орын алады, ұсынылған пайда, болжамды салдарлар, өтініштің өзге де мән - жайлары);
- өтініштің мән-жайын баяндау осы іске қатысы бар адамдар және куәгерлер туралы (Бар болса);
- хабарламашының қолы, жасалған күні.

### **3-тaraу. Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі анықталған кездегі іс-қимыл тәртібі**

1. Нақты мән-жайларды анықтау мақсатында З жұмыс күні ішінде басшы тағайындаған тұлғалар (қаралып отырған мәселеге байланысты сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға жауапты тұлға және өзге де тұлғалар) тексеру іс-шараларын жүргізеді.
2. Тексеру барысында: сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау мақсатында адамның қызметкерге жүгінуіне ықпал еткен себептер мен жағдайлар белгіленуге тиіс;
3. Тексеру нәтижелері тексеру іс-шаралары аяқталғаннан кейін З жұмыс күні ішінде басшыға жазбаша нысанда табыс етіледі;
4. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзы фактісі және сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелей мақсатында жүгіну фактісі расталған жағдайларда басшыға сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа жол бермеу жөніндегі шараларды қолдану жөнінде ұсыныс шығарылады. Басшы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қорғау органдарына ақпаратты беру туралы шешім қабылдайды.
5. Егер сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзы фактісі және сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелей мақсатында жүгіну фактісі расталмаған, бірақ жүргізілген тексеру барысында қызметтік мінез-құлыққа қойылатын талаптарды бұзы белгілері, қызметкердің өзінің қызметтік лауазымдық міндеттерін орындау фактілері анықталған жағдайларда материалдар үш жұмыс күні ішінде тиісті шешім қабылдау үшін тәртіптік комиссияның қаруына беріледі.

#### **4-тарау. Қорытынды ережелер**

1. Осы тәртіп қызметкерлердің бастамасы бойынша да, басшылықтың бастамасы бойынша да қайта қаралуы мүмкін.